

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Қарағанды «Болашақ» университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Карагандинский университет «Болашақ»

Ministry of education and science of Republic of Kazakhstan  
“Bolashak” Karaganda university



## Заманауи әлемдегі ғылым мен білім

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары

## Наука и образование в современном мире

Материалы международной научно-практической конференции

## Science and Education in modern world

The materials of the international scientific-practical conference



## КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ БІРІ - АУДАРМА ПРОЦЕСІ

*Ерсултанова Г.Т.*

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

*Сейдуллаева А.Х.*

*Халықаралық Бизнес академиясы*

Ежелгі дәуірде қарым-қатынас құралы ретінде әртүрлі тілдер пайда болған кезде, бір тілде сөйлейтіндермен түсінісу, қатысу қажеттілігінен аударма пайда болған. «Аударма араласпайтын, аударма қатыспайтын мәдени өмірдің бірде-бір саласы жоқ». Аударманың ауқымы кең [1, 3].

«Аударма» түсінігі - бұл аударма ғылымының түпнегізі. Аударманың мағынасын О.С. Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігінде әртүрлі жолдармен анықтайды:

1. Аударма - тілдегі лексикография мен семантикалық зерттеулер үшін екі немесе бірнеше тілдерді салыстыра отырып, олардың тіл бірліктері арасындағы семантикалық ұқсастықтарын табу мақсатында көзделген;

2. Бір тілдегі ойдың екінші тілге берілуі, яғни бір тілден басқа тілге ақпарат алмасу;

3. Басқа тілдердегі ақпаратты алмасып қана қоймай, сонымен қатар жаңа мәтіннің формасы (ішкі, сыртқы) түпнұсқадағы көркем мәтіннің әртүрлі жағдайларымен толық сәйкес келуі керек.» Екінші мағынасы аудармаға сәйкес келсе, ал үшінші мағынасы көркем аудармаға сәйкес келеді [2, 316].

Сонымен, аударма – бұл адамның тілдік қызметтерінің бір түрі, бір тілдегі мәтіннің келесі бір тілге аударылып қайта жасалған, яғни бастапқы мәтіннің арнайы өңделген әрекеті. Демек, аударма – бұл би немесе полилингвистикалық түрде сипатталған адамның вербальды қызметінің бірі, түпнұсқадағы мәтін басқа тілге аударылу нәтижесінде қайта жасалған мәтін болады.

Аударманың түрлерін аударма теориясымен айналысатын ғалымдар әртүрлі етіп береді. Солардың ішінде ең негізгілеріне тоқталып өтейік. Мысалы, В.Н.Коммисаров аударманы екі түрлі классификацияға бөледі:

1) аудармалық тексттердің (мәтіндердің) сипаттамасына қарай;

2) аударма кезінде аудармашының сөйлеу әрекетіне қарай:

Бірінші классификация түпнұсқаның жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерімен байланысты болса, ал екінші классификация сөйлеу әрекеті кезінде жазбаша не ауызша үлгінің психоллингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты.

1. Жанрлық-стилистикалық классификацияда аударманың екі түрлі қызметі анықталады:

1) көркем аударма;

2) ақпараттық аударма (салалық)

Көркем әдебиеттегі шығармаларды аудару – көркем аударма деп аталады.

КӨРКЕМ АУДАРМА - көркем әдебиетінің жанрларына қарай өзара бөлінеді:

- 1) поэзиялық аударма
- 2) пьесалық аударма
- 3) сатирикалық шығарманың аудармасы
- 4) көркем прозалық аударма

Ақпараттық аудармаға келесі аударма түрлері жатады:

- 1) ғылыми-техникалық
- 2) ресми-іс қағаз
- 3) саяси-публицистикалық
- 4) газет-ақпараттық
- 5) патенттік материалдардың аудармасы

2. Аударманың психолингвистикалық классификациясында түпнұсқаны қабылдау мен аударма мәтінін жасап шығару әрекетіне қарай аударма жазбаша және ауызша болып бөлінеді.

Ауызша аударма синхрондық және бір ізді аударма болып өзара екіге бөлінеді.

А) Синхрондық аударма – бұл аудармашы оратордың сөзін тыңдай отырып сол кезде келесі бір адамға аударып беріп отырады. Синхрондық аударма – аударманың өте қиын түрі. Бұл аудармашының бір уақытта әртүрлі халықтың сөйлеу әрекетін орындау қабілетін, бір тілді тыңдай отырып, оны басқа тілге аудару және сол тілде сөйлеп отырған оратордың темпінен қалмай отыруды талап етеді. Синхрондық аудармашы есте ақтау қабілеті өте жоғары, ынталы, зейінді болуы керек.

В) Бір ізді аударма – бұл ауызша аударудың бір түрі, мұнда аудармашы оратордың айтып отырған барлық тексттің немесе сол тексттің бір ғана бөлігін аударып беріп отырады. Аударатын мәтіннің көлемі шамамен 20-30 минуттың немесе одан да көп. Бұл аудармада – аударманың басынан аяғына дейін аудармашы түпнұсқадағы маңызды жерлерінің мазмұнын есте сақтап отыруы қажет. Егер түпнұсқаның аумағы тым үлкен болса, онда аудармашы өзінің кітапшасына әртүрлі геометриялық белгілер арқылы белгілеп алуы керек, өйткені бұл аудармашыға аудару кезінде оның есіне түсіруіне көмегі тиеді [3, 94-100].

Аударма теориясын зерттеуші – В.Алимов функциональдық және коммуникативтік бағыттардың анықтауы бойынша аударманың үш түрін бөліп қарастырды:

- 1) көркемдік
- 2) қоғамдық-саяси (жалпы)
- 3) салалық аударма [4, 26-28].

Ал қазақ аударма мәселесімен түбегейлі айналысқан С. Талжанов аударманың классификациясын « 1) еркін аударма, 2) сөзбе-сөз аударма, 3) баламалы (адекватный) аударма», деп үш түрге бөліп қарастырды [7, 152].

Аударма – бұл ой алмасу процесі. Бір тілдегі айтылған ойды басқа тіл арқылы жеткізу [5, 145]. Аударма процесі – бұл ақпарат алмасатын коммуникациялық процесс. Ең алдымен аударма процесін оның негізгі компоненттері анықтайды. Мүмкін дәл осы мағынада ол терминдер ақпараттық теориясында қаралып, көптеген ақпарат алмасудың бір түріне жатады. Демек, аударма – бұл кез-келген ақпараттың алмасуы. Мысалы қазіргі кезде ағылшын тілі лингвафранка тілі болып отыр.

Кез келген коммуникативтік актті техникалық тұрғыдан қарастырсақ негізгі ақпарат алмасудың элементтері: негізгі ақпарат және коммуникация каналы болады. Коммуникациялық әрекеттің тағы бір маңызды бөлігі – қарым-қатынас үшін қолданылатын код. Код – бұл белгілер жүйесі және байланыс каналындағы ақпаратты алмасу мақсатында жасалған ереже. Кодтардың қарапайым түрден күрделіленген түріне дейін әртүрлі болып келеді. Ақпаратты алмасу кезіндегі кодтардың сапасында табиғи, жасанды тілдер, жол белгілерінің жүйесі, әдет-ғұрып, этикет және т.б. қолданылады. [6, 10].

Сонымен, адам – бұл ақпаратты жіберуші және оның реципиенті (қабылдаушы) болып табылады. Осыған орай, байланыс каналында әртүрлі ақпаратты алмасқан кезде белгіленген лингвистикалық бірліктер (әріптер, дыбыстар, буындар, морфемалар, сөздер, сөз тіркестері және т.б.) қарастырылады.

Кодтың вербальдық ақпарат алмасуында тіл басты қызмет атқарады. Бұл кодта белгілі үйлесімділіктің негізі беріліп, сонымен қатар сол немесе басқа белгілі типтегі сөйлемнің мүмкіншілігі пайда болады; бұлардың барлығы белгілі шығармада не мәтінде жүзеге асады.

Аударма сферасы – бұл тілдер әлемі. Аудармашының тіл маманынан айырмашылығы, ол тек қана тілді ғана емес, сонымен қатар оның белгілі сөйлеу әрекетіндегі мәтіндерге де көңіл аударады.

Тіл біліміндегі «ақпарат» түсінігі аударма ғылымында ақпарат теориясымен салыстырылып қайта қаралады және тіл мәліметіндегі мағлұмат түсіндіріледі. Бұл мағлұматтар объектілердің ақпараттық алмасуы, сақталуы және қайта өңделуі болып табылады.

Мұндай жағдайда, вербальды коммуникацияның жалпы құрылымы келесі үлгілермен үлгіленеді: ақпараттың қайнар көзі өз мағлұматтарына сәйкес келетін белгілі кодпен белгіленіп, мағлұматтардың алмасуын қамтамасыз ететін коммуникациялық канал болып табылады. Коммуникация құрылымының мұндай жеңілдетілген түрі – бір тілдік варианттағы коммуникацияның жүзеге асуы.

Екітілдік коммуникацияның шартында жоғарыдағы схемаға біраз өзгертушіліктерді енгіземіз. Мысалы, жіберілетін мағлұмат аударматану терминінде «түпнұсқа» деп атайды. Қарым-қатынас каналы арқылы түпнұсқаның алмасу процесіндегі бастапқы код – басқа кодпен алмасады, бұл аударма процесі болып табылады, ал қабылданған реципиент мәліметтің аударылу арқасында қайта жаңарады. (аударма – бұл процес емес, бұл – нәтиже) [6, 12].

Бұл коммуникациялық процестердің бір-бірінен айырмашылығы - бір тілде ақпарат алмасу процесінде ақпарат теориясының терминологиялық сипаты басымырақ болса, ал екітілдік коммуникациялық процесте жіберуші мен мәліметті қабылдаушы арасындағы декодталған және кодталған қосымша элементінің негізі пайда болады. Екеуінің арасында тағы да бір байланыс каналы құрылады. Бұл қайта жасаушы екі тілдік коммуникацияның кодтарын меңгереді. Олардың бірі адам немесе аудармалық автоматтық құрылғы (компьютерлік программа – аудармашы) болуы да мүмкін. Егер түпнұсқаны аудармашы аударса, оны біз «табиғи» аударма, ал машина аударса, оны біз «машиналық немесе компьютерлік» деп атаймыз.

Қазіргі кезде аударманың қолданылмайтын саласы жоқ. Телеграф агенттіктерінің хабарларын, газет материалдарын, техника мен ғылыми мағлұматтарды таратудың бірден-бір жолы – бұл аударма жасау. Әлем халықтарының мәдени және рухани қазыналарын бір-біріне таныстыруда, олардың өзара қарым-қатынасын ұлғайтуда аударма нағыз дәнекер болып табылды.

#### *Әдебиеттер тізімі:*

1. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы, Қазақ ССС-нің «Ғылым баспасы», 1975, -228 б.
2. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. Изд. 2-е, стереотипное. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. - 576 с.
3. Коммисаров В. Н. Теория перевода. –Москва, Высшая школа, 1990. – 251 с.
4. Алимов В.В. Теория перевода. Перевод в сфере профессиональной коммуникации» Москва, Едиториал УРСС, 2005. –160 с.
5. Нелюбин Л.Л. Перевод и прикладная лингвистика. –Москва, Высшая школа, 1983. – 340 с.
6. Тюленов С. В. Теория перевода. –Москва, Издательский Дом «Филология три» 2002. - 416 с.
7. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. 1975, –Б. 152-154.